

УДК 726

**МЕШІТТЕРДІҢ АРХИТЕКТУРАСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ЗАМАНАУИ
ТЕНДЕНЦИЯЛАР**

Муканова Фариза Казбеккызы

mu_za@inbox.ru

МАРХ-21 тобының магистранты Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан

Көптеген мұсылман елдеріндегі заманауи сәулетке деген қызығушылық мешіт архитектурасының мысалында айқын көрінеді. Мешіт - мұсылман қоғамының әл-ауқатының көрсеткіші. Бұрынғы кездердегідей, мешіттің соңғы сәулеттік үрдістерді бейнелейтіні кездейсоқ емес. XX ғасыр мешіт архитектурасы жайлы заманға сай немесе дәстүрлі болуы туралы, зерттеушілердің пікірлері бір ойда түйіспейді. Бірі мешіттің дәстүрлі түрі болуы керек деп есептейді, себебі ол исламның бірегей символы болып табылады. Басқалардың пікірінше, мұсылман қоғамдастығын жаңғыртып, мұсылмандардың әлем мәдениетінің тұсында «заманауи» болып көрінуін қамтамасыз ету.

Дәстүрлі ислам қоғамы мешіт бойына сіңірген функцияларды қамтитын, өзге ғимараттарды қамтымайды. Сол себепті мешіт қоғамдағы барлық өзгерістердің айқын көрінісі болып табылады. Сәулет тұрғысынан дұрыс қағида, мешіттің типологиясы исламда қатаң жазылмаған (Құранда да, ғибадат ету рәсімінде де), тек жалпыланған көзқарас бар. XX-шы ғасырда жеті аймақтық тип қалыптасты, ол қазіргі заманғы сәулет қозғалысымен оның гүлденуі кезінде соқтығысатыны белгілі болды. Іс жүзінде олардың барлығы өзінің қалыптасуында қатып қалмай, жергілікті жағдайлар мен ислам мәдениеті мен әлеуметтік-экономикалық үдерістерден туындаған елеулі метаморфозға ұшырады. Архитектуралық қызметтің жеткіліксіздігінен болған жағдайда мұндай байланыстар тарихи немесе жергілікті исламдық аналогтардың түп нұсқасын қайталайды немесе көшірмесін жасайды. Көптеген мешіт жобаларының авторлары тарихи архитектураның дәстүрін жалғастырады да, эклектикалық стильді қолдайды.

1960 жылдары деколонизация кезеңі мен көптеген ислам мемлекеттерінің тәуелсіздікке жету уақытында аймақтық дәстүрлер жаңа халықаралық архитектуралық тілмен қақтығысқа шықты. Осы кезеңде жаңа ислам сәулетінің қарқынды дамуы мұсылмандардың батыс әріптестеріне, оның ішінде қазіргі заманғы ең соңғы шыққан үрдістеріне қызығушылығын тудырды. Еуропада және АҚШ-тағы мұсылман қауымдарының көбеюімен діни ғимараттардың кеңеюі мен көбеюі қажет болды. Осы мақсатта Батыс архитектуралық фирмалар мен бірінші дәрежелі шебер-сәулетшілер шақырылды (Л.Кан, О.Нимейер, Р. Вентури, Р.Бофилл, П.Порегази, Скидмор, Овингс және Меррил және т.б.). Әрине, олар қазіргі заманғы Батыс сәулетін «өздерімен» алып келді; Көбінесе шетелде оқып келген, жергілікті архитекторлар жұмысында, архитектураның халықаралық сипаты сақталды.

Мешіттің бейнесінде, стилінде және типологиясында айтарлықтай өзгерістер пайда болды. Аймақтық стильдер араласып, географиялық тиесілі ерекшеліктер жойылады. Архитектуралық бұйымдар контекстке бейімделіп, ассимиляцияланды, қарапайым болып, жеңілдетілді.

Құрылыстың дәстүрлі қағидалары бар жоспарлау шешімі өзінің бастапқы көрінісін жоғалтып, өзгеріске ұшырайды. Ішкі аула (қала құрылысының тығыз дамуы жағдайында) бірте-бірте жоғалады, оны шағын атриум (кейде жағдайда әйнектелінген) немесе кішігірім жарық көзімен ауыстырылады. Мешіттің құрамының тік дамуы: бір деңгейден екіншісіне (әйелдерге арналған галерея), ал кейде бірнеше қабатқа көшуі дамиды.

Мешіттің мұнарасы композициялық құндылығын жоғалта, бірте-бірте сәндік элементке айналып, өзінің қызметтік маңызын айырылады. Мешіт ғимаратының ауласы сияқты каноникалық бөліктерді жобалауға мүлде жаңа көзқарас ашылуда. Бұл екі корпус арасындағы галерея, мешіт периметрі бойынша орналасқан шағын кеңістік, ал кейде міндетті ашық аула кеңістігін бейнелейтін тоған немесе жасанды көл болуы мүмкін.

«Классикалық» прототипі бар, барлық тарихи және аймақтық ерекшеліктер мен композициялық техникалар (айван, мұнара, гипостиль, күмбез бөлігі) жеңілдетілген және метафоралық символикалық элементтерге айнала, панисламдық архитектуралық тілдің элементтеріне бола бастайды (Сур.1). Мұхаммед пайғамбар бүкіл әлем мешіт болып саналады деп айтқан. Мұсылмандар шөлді құмды шындарды, әуежайды немесе әдеттегі

қалалық тротуарды қасиетті орынға айналдыра алады. Кез-келген таза орын бұл үшін жарамды.

Еуропа мен Америкадағы шіркеулердің көбісі босап жатыр немесе қымбат мектептер мен лофттерге айналдырып жатса, мұсылмандар бұрынғы супермаркеттерде, түнгі клубтар, іске аспаған шіркеулерде мешіттер сала бастады. Мұсылмандар бай, өздеріне деген сенімі артып, географиялық жағынан шашыраңқы орналаса бастайды.



Сур.1 Ұлттық Ассамблеяның бас мешіті, Анкара, Түркия, 1989

Мешіт - бірегей архитектуралық ғимарат. Діни канондардың икемділігі мен бейімділігі арқасында оның формасы мен стилі өзгеруі мүмкін.

Ислам мен «батыс» әлемінде мешітті одан әрі дамытудың бірнеше тенденциялары айқын көріне бастады:

- Мешіттің «ашылу» тенденциясы (мешіт айналасында ұйымдастырылған кеңістікті қалыптастыру).
- Мешіттің әлеуметтендіру тенденциясы (мұсылман емес халықты тарту).
- Көп функционалдылық тенденциясы, діни дәстүрлерден зиялылыққа көшу (қосымша функцияларды тарту).

Исламдық емес ортаға тап болып, бөлектенбей, керісінше сіңісіп кететін заманауи архитекторлардың туындылары ерекше қызығушылық тудырады. Былайша айтқанда «Архитектуралық мимикрия» туындайды. Мешіттің «ашылу» тенденциясы - қала құрылысы контекстіне сәйкестендіру жүре бастайды. Келушілер мен мұсылман еместер топтарға мешіттің қол жетімді болуы. Кітапханалар, конференц-залдар, спорт залдары, шағын сауда және т.б. қосымша ортақ қауымға арналған функцияларды тарту.

Мешіт көп салалы және көптеген функцияларды орындайтын әлеуметтік мекеме болып қала бермек. Демек, мешіттің архитектуралық типологиясын қалыптастырудағы шешуші ұғымдар әлеуметтік-мәдени және қала құрылысы контексті болып табылады.

Тәуелсіздік жылдарынан бері елімізде жаңа исламдық діни ғимараттар құрылысы басталды. Қазіргі кезде жаңа сәулет құрылыстарын салу мәселесі отандық сәулетшілердің назарында қалып отыр. Ұзақ уақыт бойы кеңестік атеизмнің күрделі жағдайында өмір сүрген халықтың жаңа сәулеті тарихи дәстүрлерді қалпына келтіруге және ұлттық бейненің жаңа формаларын (ұлттық стильді) іздеумен байланысты.


Мешіт архитектурасында жаңа үрдістерді қалыптастырудың көрнекі мысалдарының бірі Астанадағы жаңа мешіт болып табылады, оны қазіргі заманғы сәулет эталоны десе де болады. Мешіттің құрылысы 2 жылға созылды. Тапсырыс беруші - «RIRO Қазақстан мұсылмандарының рухани басқармасы» компаниясы. Ғимарат жеке тұлғалар есебінен салынған. Жаңа діни ғимарат елорданың оң жағалауында, Сарыарқа ауданындағы С409 көшесінде салынды. Бұл жаңа айналма жол мен Қосшығұлұлы көшесінен алыс емес. Жаңа сәулет жобасының авторы - сәулетші Сағындық Джамбулатов (Сур. 2).



Сур.2 «Алланың Гүлі» мешітінің орналасуы

Мешіттің ауданы 3 695 шаршы метрді құрайды, ал алаңның алаңы - 1,44 гектар. Күмбездің диаметрі 20 метр, ғимараттың диаметрі 53 метр, биіктігі 26 метр. Мешіттің солтүстігінде қасиетті қылшақ тәрізді «Қалам» мұнарасы салынған. Оның биіктігі 43,5 метр. Намаз залы 2 248 шаршы метрді құрайды және 750-1000ға жуық келушілерді сыйдыра алады (Сур. 3).

Мешіттің қардай ақ ғимараты ұлттық оюларды қолдануымен постмодернизм стилінде жасалды. Мешіттің кеңістіктік шешімі үшбұрышты көлбеу жазықтықтан тұратын және күмбезбен аяқталатын күрделі нысаннан тұрады. Ғимарат жоспары сегіз қырлы тіктөртбұрыштан тұрады (Сур.4).



Сур.3 «Алланың Гүлі» мешітінің I-ші қабат жоспары



Сур.4 «Алланың Гүлі» мешіті, Астана, 2018

Мешіттің менеджері Руслан Абдуллаевтың айтуынша, объектіні салу кезінде қазақстандық материалдар мен бұйымдар қолданылады. Мысалы, күмбез асты кеңістікті, жабындылар сэндвич-панельдерден, мешіттің тік қасбеттерінің беті және мұнараның сырты ұлттық стильде кесілген өрнектермен көмкерілген травертиннен, ал сыртқы қасбеттер металдан жасалған.

Мешіттің кіреберіс төрт есігі бар, атап айтқанда: басты, екі бүйір және бір михраб артынан ашылатын эвакуациялық есік. Ғимараттың әр қабатына бірінші қабаттағы залдың оң

және сол жағынан орналасқан лифт және баспалдақтар арқылы өтуге болады. Негізгі кіреберіс жағында: вестибюль, имамның бөлмесі, ерлер мен әйелдерге арналған гардероб, қызметтік бөлме, ортасында ер адамдарға арналған намаз залы және михраб орналасқан. Мешітті жоспарлауда бәсең өту (плавный переход) технологиясы қолданылған (Сур.5). Михраб минималистік стильдегі П-тәрізді тікбұрышты портал түрінде жасалған. Михрабтың екі бүйірін дегі ашық кеңістікті кітапхана бөлігіне арнаған. Екінші қабатта әйелдерге арналған намаз залы орналасқан. Ол адам бойынан биік шыныдан жасалған тіреулермен бөлінген. Бұл залдың қабырғалары бедерлі, өсімдікті суреттермен кескінделініп боялған. Жалпы мешіттің ішкі бөлігінде басым ақ түс сақталған. Жарық үлкен терезелер арқылы ғимаратқа енеді, сондықтан ғимарат әдеттен тыс жарық және жеңіл көрінеді. (Сур.6).

Мешіттің негізгі қызметі халықты күніне 5 рет, жұма және 2 демалыс намазын орындау мүмкіндігін қамтамасыз ету болып табылады. Мешіттің архитектуралық-жоспарлық шешімі діни ережелерге сәйкес келушілердің қажеттіліктерін қанағаттандырады.

Жаңа мешіттің ерекшелігі тек сәулет түрінде ғана емес, сонымен қатар ғимаратты электр қуатымен қамтамасыз ету үшін күн батареяларын пайдалануы болып табылады. Жобаның авторларының сөзіне сенсек бұл нөлдік энергия тұтынатын ғимарат.

Мешіттің менеджерінің ақпараты бойынша, жаңа мешіттің қуатын пайдалану үшін пайдаланылатын баламалы энергия көздері қажетіне қарағанда үш есе көп электр энергиясын өндіреді, ал өндірілген электр энергиясы объектінің қажеттілігінен төрт есе асады, бұл келешекте артық электр энергиясының сатылымға қоюды қамтамасыз етеді.

Еуропалық Одақтың стандарттарына сәйкес, ғимарат нөлдік энергия тұтынуына ие.

- Энергетикалық баланс уақыт аралығы:
- Электр энергиясын тұтыну және жылууды тұтыну үшін нөлдік энергия стандартына қол жеткізу мүмкіндігі

Автономдық:

- Қалалық коммуникациялар жүйесіне байланыстың болмауы
- Қажетті энергияның өз орында өндірілуі



Сур.5 «Алланың Гүлі» мешіті, михраб көрінісі, Астана, 2018



Сур.6 «Алланың Гүлі» мешітінің интерьері, Астана, 2018

Жалпы алғанда, Астанадағы жаңа мешіттің сәулет-жоспарлау және көркемдік бейнесін талдау ислам діни ғимараттарының сәулетін қалыптастыруда инновациялық тәсілді бейнелейтінін анықтадық. Сонымен қатар, төменде көрсетілгендей, инновация элементтері және мешітті жобалауға заманауи тенденцияның ашық көрінісін мынадан байқауға болады:

- Мешіттің «ашылу» тенденциясы. Мешіттің алып жатқан ашық кеңістігі келушілерге демалыс орынын, автотұрақ кеңістігін, серуен орынын қамтамасыз етеді.

- Мешіттің әлеуметтендіру тенденциясын ескерсек, барлық қалаушыларды тиісті ережелерді сақтаған жағдайда, айқара ашылған есік қабылдауға дайын.

- Көп функционалдылық тенденциясы. Мешіт өзінің негізгі қызметтерінен басқа, кітапхана, яғни ағартушылық қызметімен, сүндетке отырғызу, неке қию сынды қызметтер атқарады.

Ал, архитектураның бейнесі ескі дәстүрлі стильден бөлек шығып, Отандық сәулет өнерінде жаңа бір белесті артты десе болады. Бүгінгі таңда, бұл ғимарат ұлттық бейненің көрінісі авангардтық және аумақтық стильді қатар көрсететін мысалдың бірі.

Қолданылған ақпарат көздері:

1. https://archnet.org/sites/781/media_contents/9605
2. <https://www.zakon.kz/4916420-nazarbaev-posetil-novuyu-mechet-v-astane.html>
3. Шукуров Ш.М. Архитектура современной мечети. Истоки.-М.:Прогресс-Традиция,2014.-232с., ил.
4. Ardalan N., ON MOSQUE ARCHITECTURE // ARCHITECTURE AND COMMUNITY/ ed. R. Holod, D. Rastorfer. NY, 1983